



## Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы

### Мұрағаттық версия

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы N 217 Заңы

МАЗМҰНЫ

#### ҚОЛДАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының 2005.11.22. N 90 Заңымен енгізілген өзгерістер әртүрлі уақытта қолданысқа енгізілген (2-бапты қараңыз). Қажет болған жағдайда "Заң" Деректер базасының 5 версиясының алдыңғы редакцияларын қараңыз.

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) бюллетень - интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімді басылым;
- 2) интегралдық микросхема - электрондық схема функцияларды орындауға арналған түпкілікті немесе аралық нысандағы микроэлектронды бұйым, оның элементтері мен байланыстары бұйым дайындалғанда негізге алынған материалдың көлемінде және (немесе) бетінде бөлінбейтін етіп қалыптастырылады;
- 3) интегралдық микросхема топологиясы (бұдан әрі - топология) - интегралдық микросхеманың элементтері мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығының материалдық жеткізгіште тіркелген кеңістіктік-геометриялық орналасуы;
- 4) құқық иеленуші - автор, оның мұрагері, сондай-ақ заңға немесе шартқа байланысты алынған айрықша құқықты иеленуші кез келген жеке немесе заңды тұлға;
- 5) лицензиялық шарт - ол бойынша құқық иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) топологияны белгілі бір әдіспен уақытша пайдалануға құқық беретін шарт;
- 6) патенттік сенім білдірілген өкілдер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілдік ету құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;
- 7) топологияға айрықша құқық - құқық иеленушінің топологияны өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүлкіктік құқығы;
- 8) топологияны пайдалану - егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, топологияны, осы топологиямен бірге интегралдық микросхеманы немесе осындай интегралдық микросхеманы қамтитын бұйымды қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату немесе азаматтық айналымға коммерциялық мақсаттарда жүзеге асырылатын өзгедей енгізу;
- 9) уәкілетті орган - өз өкілеттіктері шегінде интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### 2-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

Осы Заңмен топологияларды жасауға, құқықтық қорғауға және пайдалануға байланысты туындайтын мүлкіктік, сондай-ақ олармен байланысты жеке мүлкіктік емес қатынастар реттеледі.

#### 3-бап. Топологияларды қорғау туралы заңдар

1. Топологияларды қорғау туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларынан тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

#### **4-бап. Уәкілетті орган**

Уәкілетті орган осы Заңға сәйкес мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) топологияларды тіркеуге өтінімдерді қарауға қабылдайды, оларды қарайды және топологияларды тіркеуді жүзеге асырады;

2) топологияларды Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді;

3) тіркеу туралы куәліктер береді;

4) тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды;

5) тіркеуге өтінімдерді жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілейді;

6) тіркеу тәртібін, тіркеу туралы куәліктің нысанын, онда көрсетілетін мәліметтердің құрамын, сондай-ақ бюллетеньде жарияланатын мәліметтердің тізбесін белгілейді; v106234.

7) алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586 Заңымен, 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **5-бап. Топологияларды құқықтық қорғау талаптары**

1. Осы Заңда берілетін құқықтық қорғау түпнұсқалық топологияға ғана қолданылады.

2. Автордың шығармашылық қызметінің нәтижесінде жасалған топология түпнұсқалық топология болып табылады. Топология түпнұсқа емес деп дәлелденбейінше, түпнұсқа деп танылады.

3. Топология элементтерінің жиынтығы интегралдық микросхемаларды әзірлеушілер мен дайындаушыларға ол жасалған күні жалпы мәлім болса, осы Заңмен құқықтық жағынан қорғалмайды.

Интегралдық микросхемаларды әзірлеушілер мен дайындаушыларға топология жасалған күні жалпы мәлім болған элементтерден тұратын топология осындай элементтердің жиынтығы тұтас алғанда осы баптың 2-тармағының талаптарын қанағаттандыратын жағдайда ғана құқықтық жағынан қорғалады.

4. Осы Заңда берілетін құқықтық қорғау топологияларда іске асырылуы мүмкін идеяларға, әдістерге, жүйелерге, технологияға немесе құпияландырылған ақпаратқа қолданылмайды.

#### **6-бап. Топологияға авторлық**

1. Топологияны шығармашылық еңбегімен жасаған жеке адам оның авторы деп танылады.

2. Егер топология жасауға бірнеше жеке адам қатысса, олардың бәрі оның авторлары (тең авторлары) деп есептеледі. Тең авторларға тиесілі құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісіммен белгіленеді.

3. Топология жасауға жеке шығармашылық үлес қоспаған, бірақ авторға тек техникалық, ұйымдастыру түрінде немесе материалдық көмек көрсеткен не оған құқықты ресімдеу мен оны пайдалануға жәрдемдескен жеке адамдар авторлар деп танылмайды.

4. Топологияға авторлық құқығы иеліктен алынбайтын жеке мүліктік емес құқық болып табылады және ол мерзімі белгіленбей қорғала береді.

### 7-бап. Топологияға айрықша құқық

1. Топологияға айрықша құқықты топологияның авторы не осы Заңның 9-бабында көзделген жағдайларда жұмыс беруші немесе тапсырыс беруші немесе олардың құқық мирасқорлары иеленеді.

2. Осы Заңның 10-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, құқық иеленуші топологияны өз қалауына қарай кез келген әдіспен, атап айтқанда, басқа тұлғалардың осы топологияны құқық иеленушінің тиісті рұқсатынсыз пайдалануына тыйым салу құқығын қоса алғанда, осындай топологиясы бар интегралдық микросхемалар дайындау арқылы пайдалануға құқығы бар.

3. Топологияның бірнеше авторы немесе өзге де құқық иеленушілер иеленетін айрықша құқықты пайдалану тәртібі олардың арасындағы шартта белгіленеді.

Мұндай шарт болмаған жағдайда, олардың әрқайсысы қорғалатын топологияны өз қалауына қарай пайдалана алады, бірақ басқа құқық иеленушілердің келісімінсіз оған лицензия беруге немесе айрықша құқығын басқа тұлғаға беруге құқығы жоқ.

4. Құқық иеленушінің рұқсатынсыз мынадай іс-әрекеттер жасау:

1) топологияның түпнұсқалық болып табылмайтын бөлігін ғана көшіруді қоспағанда, оны интегралдық микросхемаға енгізу арқылы немесе өзге де жолмен оны тұтастай немесе оның бір бөлігін көшіру;

2) топологияны, осы топологиямен бірге интегралдық микросхеманы немесе осындай интегралдық микросхемасы бар бұйымды қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату және азаматтық айналымға өзге де жолмен енгізу топологияға айрықша құқықты бұзу болып табылады.

### 8-бап. Айрықша құқықты беру

1. Топологияға айрықша құқық басқа тұлғаға шарт бойынша толығымен немесе ішінара берілуі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен және құқық иеленуші заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде өтеді.

2. Лицензиялық шарт бойынша құқық иеленуші (лицензиар) екінші тарапқа (лицензиатқа) топологияны белгілі бір әдіспен уақытша пайдалану құқығын береді.

3. Лицензиялық шартта лицензиатқа:

1) топологияны пайдалану құқығын лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігі мен лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығын сақтай отырып (жай, айрықша емес лицензия);

2) топологияны пайдалану құқығын лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, бірақ лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз (айрықша лицензия);

3) топологияны пайдалану құқығын лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз (толық лицензия) беру көзделуі мүмкін.

Егер лицензиялық шартта лицензияның түрі көзделмесе, ол айрықша емес жай лицензия деп саналады.

4. Топологияны пайдалану құқығына айрықша емес лицензияны лицензиаттың басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа) беруі туралы шарт (қосалқы лицензиялық шарт) лицензиялық шартта көзделген жағдайларда ғана жасалуы мүмкін.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат лицензиардың алдында қосалқы лицензиаттың іс-әрекеттері үшін жауапты болады.

5. Топологияға айрықша құқықты басқаға беру туралы шарт, лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар жазбаша нысанда жасалады.

Тіркелген топологияға айрықша құқықты басқаға беру туралы шарт, тіркелген топологияны пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар уәкілетті органда тіркелуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген топологияға айрықша құқықты басқаға беру туралы шарт, аталған топологияны пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар уәкілетті органда тараптардың келісімі бойынша тіркелуі мүмкін.

Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

**9-бап. Қызметтік міндеттерді орындау тәртібімен және тапсырыс берушімен шарт бойынша жасалған топологияға айрықша құқық**

1. Егер жұмыс беруші мен автордың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған топологияға айрықша құқық жұмыс берушіге тиесілі болады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған топология үшін авторға сыйақы төлеу мөлшері, ережесі және тәртібі автор мен жұмыс берушінің арасындағы келісімде белгіленеді. Келісімге келе алмаған жағдайда шешімді сот қабылдайды. Егер автор мен жұмыс берушінің топология жасауға үлесін мөлшерлеу мүмкін болмаса, жұмыс беруші алған немесе алуға тиіс болған пайданың жартысына автордың құқығы танылады.

3. Автор шарт бойынша топология жасау және өзінің жұмыс берушісі болып табылмайтын тапсырыс берушіге топологияға айрықша құқықтар беруге міндеттеме қабылдай алады.

**10-бап. Құқық иеленушінің айрықша құқығын бұзу деп танылмайтын іс-әрекеттер**

Мыналар:

1) осы Заңның 7-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында аталған іс-әрекеттерді заңсыз көшірме жасап алынған топологиясы бар интегралдық микросхемаларға немесе осындай интегралдық микросхемалары бар бұйымдарға қатысты жасау, егер осындай пайдалануды жүзеге асырушы тұлға осы интегралдық микросхемалардың немесе осындай интегралдық микросхемалары бар бұйымдардың топологияға айрықша құқықты бұза отырып дайындалғанын және таралып жатқанын білмесе және білмеуге тиіс болса. Осы тұлға құқық иеленушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін, осындай топологияға лицензияны еркін иемдену кезінде төленуге тиіс болатын мөлшерлес сыйақыны құқық иеленушіге төлеген жағдайда, кез келген іс-әрекетті қолда бар немесе сол кезге дейін тапсырыс берілген өнімге қатысты жасауға құқылы;

2) топологияны пайда табусыз жеке мақсаттарына, сондай-ақ бағалау, талдау, зерттеу немесе оқыту мақсатында пайдалану;

3) қорғалатын топологияны оның өзін бағалау немесе талдау негізінде жасалған түпнұсқалық басқа топологияға енгізу мен осы Заңның 7-бабының 4-тармағында аталған іс-әрекеттерді осындай топологияға қатысты жасау;

4) азаматтық айналымға заңды жолмен енгізілген қорғалатын топологиясы бар интегралдық микросхеманы тарату;

5) осы Заңның 7-бабының 4-тармағында аталған іс-әрекеттерді басқа автор жасаған топологияға тәуелсіз, ұқсас түпнұсқалық топологияға қатысты жасау құқық иеленушінің айрықша құқығын бұзу деп танылмайды.

**11-бап. Топологияны тіркеу**

1. Топологияның авторы немесе өзге де құқық иеленуші топологияны уәкілетті органға тіркеуге өтінім беру арқылы тіркеуге құқылы.

Топологияны тіркеу туралы өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады. Өтінімнің басқа құжаттары мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде ұсынылады. Егер өтінімнің өзге құжаттары басқа тілде ұсынылса, өтінімге олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасы қоса беріледі. Аударма өтініммен бір мезгілде немесе басқа тілдегі құжаттарды қамтитын өтінім уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

2. Егер топология бұрын пайдаланылса, тіркеуге өтінім беру ол алғаш пайдаланылған күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Тіркеуге өтінім бір топологияға қатысты болуға тиіс және онда:

1) тіркеуді сұраған автор мен тұлғалар аты, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, егер топология бұрын пайдаланылса, ол алғаш пайдаланылған күн көрсетілген топологияны тіркеуге өтініш;

2) рефератты қоса алғанда, топологияны нақтылайтын материалдар;

3) егер тіркеуге өтінім өкіл арқылы берілсе, сенімхат болуға тиіс.

4) <\*>

Тіркеуге өтінімді жасау мен ресімдеуге қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.

4. Тіркеуге өтінім түскеннен кейін уәкілетті орган қажетті құжаттардың болуын және осы баптың 3-тармағында жазылған талаптарға олардың сәйкестігін тексереді. Тексеру оң нәтиже берген жағдайда уәкілетті орган топологияны Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді, өтініш берушіге топологияны тіркеу туралы куәлік береді және тіркелген топология туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Өтініш беруші мәліметтер бюллетеньде жарияланғанға дейін өтінім материалдарын уәкілетті органның сауал салуы бойынша немесе өз бастамасы бойынша толықтыруға, нақтылауға және түзетуге құқылы.

Тіркеу тәртібін, тіркеу туралы куәлік нысанын, онда көрсетілетін мәліметтер құрамын, сондай-ақ бюллетеньде жарияланатын мәліметтер тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

Құқық иеленуші болып табылмайтын топология авторына уәкілетті орган оның авторлығын растайтын куәлік береді.

5. Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтер дұрыс емес деп дәлелденбейінше дұрыс деп есептеледі.

Аталған мәліметтердің дұрыстығы үшін өтініш беруші жауапты болады.

6. Уәкілетті органның куәліктер беру және шарттарды тіркеу жөніндегі іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2005.11.22. N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **12-бап. Ескерту таңбасы**

Құқық иеленушінің өз құқықтары туралы хабарлау үшін топологияны қамтитын бұйымдарда айшықталған Т бас әрпі, топологияға айрықша құқық қолданылатын мерзімнің басталған күні және құқық иеленушіні айқындауға мүмкіндік беретін ақпарат түріндегі ескерту таңбасын пайдалануға құқығы бар.

#### **13-бап. Топологияға айрықша құқықтың қолданылу мерзімі**

1. Топологияға айрықша құқық топология тіркелген күннен бастап он жыл бойы қолданылады.

2. Егер топология тіркеуден өтпесе, аталған он жылдық мерзім осы топологияның немесе осы топология бар интегралдық микросхеманың дүние жүзінің кез келген елінде алғаш пайдаланылуының құжатпен расталған күнінен бастап есептеледі.

3. Топология тіркелген күнге дейін пайдаланыла бастаған топологияны тіркеу кезінде айрықша құқықтың қолданылу мерзімі осы баптың 2-тармағына сәйкес есептеледі.

4. Басқа автор өз бетімен жасаған түпнұсқалық ұқсас топологияның пайда болуы осы баптың 1, 2-тармақтарында аталған айрықша құқықтың қолданылу мерзімін үзбейді және тоқтатпайды, бұл орайда топологияға айрықша құқықтың қолданылатын жалпы мерзімі он жылдан аспауы керек.

#### **14-бап. Топологияға құқықтарды қорғау**

1. Топологияға құқықтарды қорғауды сот:

- 1) құқықтарды тану;
- 2) құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру;
- 3) құқықты бұзатын немесе оны бұзу қатерін төндіретін іс-әрекеттердің жолын кесу;
- 4) құқық бұзушының келтірілген залалдар орнын толтыруы және моральдық зиянды өтеуі;
- 5) залалдың орнын толтырту орнына айрықша құқықты бұзушы тапқан табысты өндіріп алу;
- 6) айрықша құқықты бұзушының заңдарда белгіленген он мыңнан елу мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш сомасында өтем төлеуі. Өтем мөлшерін сот залалдың орнын толтыру немесе табысты өндіріп алу орнына белгілейді;
- 7) азаматтық айналымға енгізілетін немесе осы мақсатпен сақталатын және айрықша құқықты бұзады деп танылған интегралдық микросхемалар мен осындай микросхемаларды қамтитын бұйымдарды, сондай-ақ арнайы оларды дайындауға арналған материалдар мен жабдықтарды жою немесе құқық иеленушінің пайдасына алып қою;
- 8) бұзылған құқық кімге тиесілі екендігі туралы мәліметтерді енгізе отырып, орын алған бұзушылық туралы міндетті түрде жариялау;
- 9) заң актілерінде көзделген, топологияға құқықтарды қорғауға байланысты өзге де шаралар қабылдау жолымен жүзеге асырады.

2. Егер лицензиялық шартта көзделсе, айрықша құқықты бұзушыға лицензиат та талап мәлімдеуі мүмкін.

#### **15-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер**

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымының қызметкерлері арасынан аттестаттау комиссиясын құрады. Бұл ретте, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ең аз саны кемінде бес қызметкерден тұрады.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауды сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардан өтініштердің келіп түсуіне қарай жылына кемінде бір рет өткізеді.

Аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы кандидатты аттестаттау не аттестаттаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Аттестаттау комиссиясы шешімінің нысанын уәкілетті орган бекітеді. Аттестаттау комиссиясы шешім шығарған кезден бастап үш ай ішінде мұндай шешімге сот тәртібімен шағым жасауға болады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидат аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларға куәлік беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін мемлекеттік баж алынады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:



1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар;

3) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;

3) осы Заңның 15-2-бабы 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің немесе патент иеленушінің өкілі ретінде уәкілетті органмен іс жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады. Уәкілетті органмен іс жүргізуді, сондай-ақ өтініш беруші және (немесе) құқық иеленуші дербес жүзеге асыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органда патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы өздерінің өтініш беруші ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасу үшін мекенжайларын көрсеткен кезде патенттік сенім білдірілген өкілсіз-ақ өтініш беруші ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асыра алады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде құпиялы ақпаратқа немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялы болып танылады.

**Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **15-1-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері**

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің, өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мүддесінде мынадай қызмет түрлерін:

1) интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды иелену немесе беру мәселелері бойынша консультация беру;

2) өтініш берушінің атынан және тапсырмасы бойынша интегралдық микросхемалар

топологияларына өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

3) интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу мәселелері бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау;

4) лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және (немесе) өзгеге беру шарттарын жасауға, қарауға және кейіннен оларды сараптамаға жіберуге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Патенттік сенім білдірілген өкіл интегралдық микросхемалардың топологияларын тіркеуге өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін ұсынған жағдайда, көрсетілген өтінім немесе қарсылық берілген кезден бастап үш ай ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл тиісінше сараптама жасау ұйымына және уәкілетті органға сенімхаттың түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Түпнұсқалылығы расталғаннан кейін сенімхаттың түпнұсқасы қайтарылуға жатады.

Егер сенімхат шетел тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус растаған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мүдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) және оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндетті.

**Ескерту. Заң 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**15-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін қайтарып алу және оның күшін жою**

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл аттестаттау комиссиясының шешімімен:

1) өзінің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;

3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде;

5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;

6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе оның әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы баптың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тізілімнен шығарылған жағдайда, аттестаттау комиссиясының шешімімен куәліктің күші жойылады. Куәліктің күшін жою туралы мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайда, патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі патенттік сенім білдірілген өкілдің өзінің немесе соған негізі бар үшінші тұлғалардың өтініші негізінде аттестаттау комиссиясының шешімімен қайтарып алынады.

Осы баптың 1-тармағы 1) және 2) тармақшаларының негіздері бойынша тізілімнен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл тізілімнен шығаруға себеп болған негіздер тоқтатылып, тізілімнен шығару туралы шешім жарияланған күннен бастап үш



жыл ішінде аттестаттау комиссиясына өтініш берген жағдайда, біліктілік емтиханын қайта тапсырмай-ақ, патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде қайта тіркелуі мүмкін. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттар бойынша осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздердің жойылу фактісін анықтайды.

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл, бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші жойылады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы Заңда белгіленген өз міндеттерін адал орындамаған жағдайда, уәкілетті орган құрамы уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрады.

Апелляциялық комиссия алқалы орган болып табылады және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың пікірінше, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіретін патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы заңнаманы бұза отырып жасаған іс-әрекеттеріне олардың шағымдарын қарайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеттеріне шағым берген тұлғалар және өздеріне қатысты осындай шағымдар берілген патенттік сенім білдірілген өкілдер апелляциялық комиссияның отырысына қатысуға құқылы.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің күшін жою туралы сотқа талап арыз жолдауға ұсыныс жасайды не мынадай:

1) дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты немесе объективті шешім қабылдауға ықпал ететін мән-жайлар анықталғанға дейін шағымның қаралуын кейінге қалдыру туралы;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Апелляциялық комиссия туралы ережені уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. Заң 15-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **16-бап. Шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары**

1. Шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалар осы Заңда көзделген құқықтарды Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға байланысты немесе өзара принцип негізінде Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең пайдаланады.

2. Егер осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінен өзгеше туындамаса, Қазақстан Республикасында тұратын азаматтығы жоқ адамдар осы Заңда және топологияларды құқықтық қорғауға қатысты өзге де актілерде көзделген құқықтарды Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең пайдаланады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*